

ISSN 2518-1491 (Online),
ISSN 2224-5286 (Print)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

Д.В.СОКОЛЬСКИЙ АТЫНДАҒЫ «ЖАНАРМАЙ,
КАТАЛИЗ ЖӘНЕ ЭЛЕКТРОХИМИЯ ИНСТИТУТЫ» АҚ

Х А Б А Р Л А Р Ы

ИЗВЕСТИЯ

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

АО «ИНСТИТУТ ТОПЛИВА, КАТАЛИЗА И
ЭЛЕКТРОХИМИИ ИМ. Д.В. СОКОЛЬСКОГО»

NEWS

OF THE ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

JSC «D.V. SOKOLSKY INSTITUTE OF FUEL,
CATALYSIS AND ELECTROCHEMISTRY»

ХИМИЯ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯ СЕРИЯСЫ



СЕРИЯ ХИМИИ И ТЕХНОЛОГИИ



SERIES CHEMISTRY AND TECHNOLOGY

4 (430)

ШІЛДЕ – ТАМЫЗ 2018 ж.

ИЮЛЬ – АВГУСТ 2018 г.

JULY-AUGUST 2018

1947 ЖЫЛДЫҢ ҚАҢТАР АЙЫНАН ШЫҒА БАСТАҒАН
ИЗДАЕТСЯ С ЯНВАРЯ 1947 ГОДА
PUBLISHED SINCE JANUARY 1947

ЖЫЛЫНА 6 РЕТ ШЫҒАДЫ
ВЫХОДИТ 6 РАЗ В ГОД
PUBLISHED 6 TIMES A YEAR

NAS RK is pleased to announce that News of NAS RK. Series of chemistry and technologies scientific journal has been accepted for indexing in the Emerging Sources Citation Index, a new edition of Web of Science. Content in this index is under consideration by Clarivate Analytics to be accepted in the Science Citation Index Expanded, the Social Sciences Citation Index, and the Arts & Humanities Citation Index. The quality and depth of content Web of Science offers to researchers, authors, publishers, and institutions sets it apart from other research databases. The inclusion of News of NAS RK. Series of chemistry and technologies in the Emerging Sources Citation Index demonstrates our dedication to providing the most relevant and influential content of chemical sciences to our community.

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы "ҚР ҰҒА Хабарлары. Химия және технология сериясы" ғылыми журналының Web of Science-тің жаңаланған нұсқасы Emerging Sources Citation Index-те индекстелуге қабылданғанын хабарлайды. Бұл индекстелу барысында Clarivate Analytics компаниясы журналды одан әрі the Science Citation Index Expanded, the Social Sciences Citation Index және the Arts & Humanities Citation Index-ке қабылдау мәселесін қарастыруда. Web of Science зерттеушілер, авторлар, баспашылар мен мекемелерге контент тереңдігі мен сапасын ұсынады. ҚР ҰҒА Хабарлары. Химия және технология сериясы Emerging Sources Citation Index-ке енуі біздің қоғамдастық үшін ең өзекті және беделді химиялық ғылымдар бойынша контентке адалдығымызды білдіреді.

НАН РК сообщает, что научный журнал «Известия НАН РК. Серия химии и технологий» был принят для индексирования в Emerging Sources Citation Index, обновленной версии Web of Science. Содержание в этом индексировании находится в стадии рассмотрения компанией Clarivate Analytics для дальнейшего принятия журнала в the Science Citation Index Expanded, the Social Sciences Citation Index и the Arts & Humanities Citation Index. Web of Science предлагает качество и глубину контента для исследователей, авторов, издателей и учреждений. Включение Известия НАН РК в Emerging Sources Citation Index демонстрирует нашу приверженность к наиболее актуальному и влиятельному контенту по химическим наукам для нашего сообщества.

Б а с р е д а к т о р ы
х.ғ.д., проф., ҚР ҰҒА академигі **М.Ж. Жұрынов**

Р е д а к ц и я а л қ а с ы:

Ағабеков В.Е. проф., академик (Белорус)
Волков С.В. проф., академик (Украина)
Воротынцев М.А. проф., академик (Ресей)
Газалиев А.М. проф., академик (Қазақстан)
Ергожин Е.Е. проф., академик (Қазақстан)
Жармағамбетова А.К. проф. (Қазақстан), бас ред. орынбасары
Жоробекова Ш.Ж. проф., академик (Қырғыстан)
Иткулова Ш.С. проф. (Қазақстан)
Манташян А.А. проф., академик (Армения)
Пралиев К.Д. проф., академик (Қазақстан)
Баешов А.Б. проф., академик (Қазақстан)
Бүркітбаев М.М. проф., академик (Қазақстан)
Джусипбеков У.Ж. проф. корр.-мүшесі (Қазақстан)
Молдахметов М.З. проф., академик (Қазақстан)
Мансуров З.А. проф. (Қазақстан)
Наурызбаев М.К. проф. (Қазақстан)
Рудик В. проф., академик (Молдова)
Рахимов К.Д. проф. академик (Қазақстан)
Стрельцов Е. проф. (Белорус)
Тәшімов Л.Т. проф., академик (Қазақстан)
Тодераш И. проф., академик (Молдова)
Халиков Д.Х. проф., академик (Тәжікстан)
Фарзалиев В. проф., академик (Әзірбайжан)

«ҚР ҰҒА Хабарлары. Химия және технология сериясы».

ISSN 2518-1491 (Online),

ISSN 2224-5286 (Print)

Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» Республикалық қоғамдық бірлестігі (Алматы қ.)

Қазақстан республикасының Мәдениет пен ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде 30.04.2010 ж. берілген №1089-Ж мерзімдік басылым тіркеуіне қойылу туралы куәлік

Мерзімділігі: жылына 6 рет.

Тиражы: 300 дана.

Редакцияның мекенжайы: 050010, Алматы қ., Шевченко көш., 28, 219 бөл., 220, тел.: 272-13-19, 272-13-18,
www.nauka-nanrk.kz / chemistry-technology.kz

© Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы, 2018

Типографияның мекенжайы: «Аруна» ЖК, Алматы қ., Муратбаева көш., 75.

Г л а в н ы й р е д а к т о р
д.х.н., проф., академик НАН РК **М. Ж. Журинов**

Р е д а к ц и о н н а я к о л л е г и я:

Агабеков В.Е. проф., академик (Беларусь)
Волков С.В. проф., академик (Украина)
Воротынцев М.А. проф., академик (Россия)
Газалиев А.М. проф., академик (Казахстан)
Ергожин Е.Е. проф., академик (Казахстан)
Жармагамбетова А.К. проф. (Казахстан), зам. гл. ред.
Жоробекова Ш.Ж. проф., академик (Кыргызстан)
Иткулова Ш.С. проф. (Казахстан)
Манташян А.А. проф., академик (Армения)
Пралиев К.Д. проф., академик (Казахстан)
Баешов А.Б. проф., академик (Казахстан)
Буркитбаев М.М. проф., академик (Казахстан)
Джусипбеков У.Ж. проф. чл.-корр. (Казахстан)
Мулдахметов М.З. проф., академик (Казахстан)
Мансуров З.А. проф. (Казахстан)
Наурызбаев М.К. проф. (Казахстан)
Рудик В. проф., академик (Молдова)
Рахимов К.Д. проф. академик (Казахстан)
Стрельцов Е. проф. (Беларусь)
Ташимов Л.Т. проф., академик (Казахстан)
Тодераш И. проф., академик (Молдова)
Халиков Д.Х. проф., академик (Таджикистан)
Фарзалиев В. проф., академик (Азербайджан)

«Известия НАН РК. Серия химии и технологии».

ISSN 2518-1491 (Online),

ISSN 2224-5286 (Print)

Собственник: Республиканское общественное объединение «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы)

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации и архивов Министерства культуры и информации Республики Казахстан №10893-Ж, выданное 30.04.2010 г.

Периодичность: 6 раз в год

Тираж: 300 экземпляров

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, 220, тел. 272-13-19, 272-13-18,
<http://nauka-nanrk.kz/chemistry-technology.kz>

© Национальная академия наук Республики Казахстан, 2018

Адрес редакции: 050100, г. Алматы, ул. Кунаева, 142,
Институт органического катализа и электрохимии им. Д. В. Сокольского,
каб. 310, тел. 291-62-80, факс 291-57-22, e-mail: orgcat@nursat.kz

Адрес типографии: ИП «Аруна», г. Алматы, ул. Муратбаева, 75

E d i t o r i n c h i e f

doctor of chemistry, professor, academician of NAS RK **M.Zh. Zhurinov**

E d i t o r i a l b o a r d :

Agabekov V.Ye. prof., academician (Belarus)
Volkov S.V. prof., academician (Ukraine)
Vorotyntsev M.A. prof., academician (Russia)
Gazaliyev A.M. prof., academician (Kazakhstan)
Yergozhin Ye.Ye. prof., academician (Kazakhstan)
Zharmagambetova A.K. prof. (Kazakhstan), deputy editor in chief
Zhorobekova Sh.Zh. prof., academician (Kyrgyzstan)
Itkulova Sh.S. prof. (Kazakhstan)
Mantashyan A.A. prof., academician (Armenia)
Praliyev K.D. prof., academician (Kazakhstan)
Bayeshov A.B. prof., academician (Kazakhstan)
Burkitbayev M.M. prof., academician (Kazakhstan)
Dzhusipbekov U.Zh. prof., corr. member (Kazakhstan)
Muldakhmetov M.Z. prof., academician (Kazakhstan)
Mansurov Z.A. prof. (Kazakhstan)
Nauryzbayev M.K. prof. (Kazakhstan)
Rudik V. prof., academician (Moldova)
Rakhimov K.D. prof., academician (Kazakhstan)
Streltsov Ye. prof. (Belarus)
Tashimov L.T. prof., academician (Kazakhstan)
Toderash I. prof., academician (Moldova)
Khalikov D.Kh. prof., academician (Tadjikistan)
Farzaliyev V. prof., academician (Azerbaijan)

News of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. Series of chemistry and technology.
ISSN 2518-1491 (Online),
ISSN 2224-5286 (Print)

Owner: RPA "National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan" (Almaty)

The certificate of registration of a periodic printed publication in the Committee of Information and Archives of the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan N 10893-Ж, issued 30.04.2010

Periodicity: 6 times a year

Circulation: 300 copies

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 219, 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19, 272-13-18,
<http://nauka-nanrk.kz/chemistry-technology.kz>

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2018

Editorial address: Institute of Organic Catalysis and Electrochemistry named after D. V. Sokolsky
142, Kunayev str., of. 310, Almaty, 050100, tel. 291-62-80, fax 291-57-22,
e-mail: orgcat@nursat.kz

Address of printing house: ST "Aruna", 75, Muratbayev str, Almaty

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES CHEMISTRY AND TECHNOLOGY

ISSN 2224-5286

Volume 4, Number 430 (2018), 155 – 169

O.A. Nurkenov^{1,2}, M.K. Ibrayev², S.D. Fazylov¹,
A.T. Takibayeva², I.V. Kulakov³, A.E. Tuktybayeva²

¹Institute of Organic Synthesis and Coal Chemistry of the Republic of Kazakhstan, Karaganda, Kazakhstan;

²Karaganda State Technical University, Karaganda, Kazakhstan;

³Dostoevsky Omsk State University, Omsk, Russia

E-mail: nurkenov_oral@mail.ru, altynarai81@mail.ru

CHALCONES-SYNTHONS IN SYNTHESIZING BIOLOGICALLY ACTIVE MATTERS

Abstract. The review paper summarizes and systematizes the literature data of recent years, as well as the results of the authors' research in the field of functionally substituted chalcones. The most common natural chalcones, methods of production, reactivity and biological properties of synthetic chalcones are given.

Keywords: substituted aromatic aldehyde, chalcone, pyrazoline, flavonone, cytokine, NF- κ B transcription factor.

ӘОЖ 577.127:547.973

O.A. Нуркенов^{1,2}, M.K. Ибраев², С.Д. Фазылов¹,
A.T. Такибаева², И.В. Кулаков³, A.E. Туктыбаева²

¹Қазақстан Республикасының органикалық синтез және көмірхимия институты, Қарағанды, Қазақстан;

²Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті, Қарағанды, Қазақстан;

³Ф.М.Достоевский атындағы Омск мемлекеттік университеті, Омск, Ресей


ХАЛКОНДАР–БИОЛОГИЯЛЫҚ БЕЛСЕНДІ ЗАТТАР СИНТЕЗІНДЕГІ СИНТОНДАР

Аннотация: бұл шолу мақаласында соңғы жылдардағы әдеби мәліметтер, сондай-ақ функционалды орынбасқан халкондароблысындағы авторлардың зерттеулер нәтижелері жинақталып, жүйеленген. Кең таралған табиғи халкондар, синтетикалық халкондардың алу әдістері, реакциялық қабілеті мен биологиялық қасиеттері келтірілген.

Түйін сөздер: орынбасқан ароматты альдегид, халкон, пиразолин, флавонон, цитокин, транскрипционды фактор NF- κ B

Препаративті мәні бар органикалық қосылыстардың маңызды өкілдері ретінде α , β -қанықпаған карбонильді қосылыстарболып табылады, олардың арасында бензилиденацетофенондар (халкондар) елеулі орын алады. 1896 ж. Халконның ашылғанынан [1] бастап, оның орынбасқан және гетероциклді аналогтарының химиясына қызығушылық жоғалмайды. «Халкон» атауын поляк химигі Станислав Костанеки (Stanisław Kostanecki) ұсынды. Ол «мыс» деп аударылатын гректің «халкос» (*χαλκός*) сөзінен шыққан.

Халкондар - 1,3-дифенил-2-пропен-1-ондар (1) α , β -қанықпаған карбонильді жүйесінің үш көміртек атомдарымен байланысқан екі ароматты ядросы бар қосылыстарға жатады [2]. Халкондарда *цис*- және *транс*- формаларыболуы мүмкін, бірақ *транс*- формасы термодинамикалық тұрақтырақ.



1. Кеңтаралған табиғи халкондар

Халкондар табиғатта кеңінен таралған: гүлдер, жеміс, тұқым және ағаш құрамында болады. Олар флавоноидтар классына жататын бір қатар заттармен – флавонондар, флавонондар, флавонолдармен тығыз байланысты.

Халкондар өкілдерінің көпшілігі өсімдіктердің барлық органдарында агликон және гликозидтер түрінде кездеседі және А сақинасындағы орынбасарлардың санымен ерекшеленеді. Осылайша, мысалы, күрделі түстілер тұқымдасында жиі кездесетін халкон бутеин орналасқан түріндегі *Coreopsis gigantea* кореопсиннің 4-гликозиді түрінде, ал халконарингенин *Salix purpurea* изосалипурпозидінің 2-гликозиді түрінде кездеседі [3, 4].

Осы уақытқа дейін 200-ден астам түрлі табиғаты халконды агликандар белгілі. Өсімдіктерде құрамында тотықсызданған қосарланған байланысы болатын үшкөміртекті фрагменті бар дигидрохалкондар жиі кездеседі.

Олар гликозидирленген форма, сондай-ақ, метокси - және пирантуындылары ретінде ғана белгілі. Мәселен, кейбір алма түрлерінің құрамында адам ағзасында глюкозаның қарқынды бөлінуін тудыратын (флюридзиндік диабет) флюридзиннің гликозиді (2'-глюкозид, 4',2',4,6-тетраоксидигидрохалкон), сонымен қатар сиболдин (3-оксифлоретин-4'-глюкозид), азобогенин түрінде 2'-азеботиннің гликозиді болады [4].

Халкондар биосинтез кезіндегі флавоноидты қосылыстардың әр түрлі топтардың бастапқы заттары болып саналады. Көктемде, жазда және күзде планетамыздың өсімдіктер дүниесінің көптеген жарқын бояулары бір флавоноидты класстың қосылыстары – халкондар себепші болады. Оларды «антихлоропигменттер» деп атайды, бұл – аммиак буында қызыл сары болатын гүлдің сары пигменттері. Түстің өзгертуін атап айтқанда, халкон құрамды препаративті формалар фармацевтика саласында, мысалы, фенил-3-метокси-4-гидроксистирилкетон және 3-(4'-гидрокси-3'-метокси) 1-фенилпроп-2-ен-1-он ауыз қуысын күтудің түс өзгертетін компоненті ретінде қолданылады [5].

Халкондар салыстырмалы жиі бір тұқымдаста – *Compositae*, әсіресе *Coreopsis* және *Dahlia* кездеседі. Сонымен қатар, кейбір *Leguminosae* (*Butia*, *Cylicodiscus*, *Glycyrrhiza*, *Plathymenia*, *Ulex*) және *Dihymocarpus* (*Gesneriaceae*) табылды. 1-кестеде табиғи шикізаттан бөліп алынған кейбір халкондар мен олардың туындылары келтірілген.

2. Синтетикалық халкондарды алу әдістері


Синтетикалық халкондар химиктер мен фармацевттер үшін айтарлықтай қызығушылық тудырады, бұл бірнеше факторларға негізделген: олардың негізінде алуан түрлі жоғары фармакологиялық белсенділігі бар молекулаларды синтездеуге мүмкіндік беретін салыстырмалы химиялық құрылысының қарапайымдылығы, сонымен қатар, бағалы синтетикалық интермедиаттар ретінде, мысалы, әр түрлі гетероциклді қосылыстар синтезінде пайдалану мүмкіндігі. Айта кету керек, халкондардың көптеген байқалатын биологиялық қасиеттері α, β -қанықпаған кетондық топтардың болуына байланысты, өйткені барлық биологиялық белсенді молекулаларда бұл топтар бар, ал оларды жою белсенділіктің төмендеуіне әкеледі [25]. Көптеген авторлар бұл фрагменттің болуын орынбасқан халкондардың әр түрлі биологиялық белсенділігімен байланыстырады: қабынуға қарсы [26], туберкулезге қарсы [27], антиоксидантты, вирусқа қарсы, микробқа қарсы, зең ауруына қарсы және басқа да көптеген белсенділік түрлері [28, 29]. Орынбасқан халкондар перспективалы ісікке қарсы препараттар болып табылады [30, 31]. Сондай-ақ, дерматофиттерге қарсы селективті белсенділікке ие препарат ретінде назар аудартады [32]. Орынбасқан халкондар күн батареялары [33], ион-селективті электродтар, молекулалық құрылғылар мен фотофункционалдық материалдар үшін компоненттер ретінде қызығушылық тудырады [34-38].

1 кесте - Табиғи шикізаттан алынған халкондар және олардың туындылары

№ пп	Халкондар және олардың туындылары	Табиғи шикізат	Сілтеме
1	2'-гидрокси-2,4,6-триметоксихалкон	<i>Andrographis lincate</i> (<i>Acanthaceae</i>)	[6]
2	2',4'-дигидрокси-4-метоксидигидрохалкон (давидигенин)	<i>Artemisia dracuiiculus L.</i> (<i>Asteraceae</i>)	[7]
3	2',4',4'-тригидрокси-3'-[6-гидрокси-3,7-диметил-2(Е)-7-октаденил]халкон	<i>Artocarpus nobilis</i>	[8; 9]
4	2',4',6',4'-тетрагидроксихалкон (изосалипурпол); 2',4',4'-тригидроксихалкон (изоликвиритигенин)	<i>Arabidopsis thaliana</i> (<i>Angiosperm</i>)	[10; 11;12; 13]
5	халкононарингениннің 2'-О-β-D-глюкозид-4'-О-β-гентиобиозиді; халкононарингениннің 2',4'-ди-О-β-D-глюкозиді	<i>Asarum canadense</i> (<i>Aristolochiaceae</i>)	[14]
6	2',6'-дигидрокси-4'-метоксихалкон; 2'-гидрокси-4,4'6'-триметоксихалкон	<i>Boesenbergia pandurata</i> (<i>Robx.</i>)	[15]
7	2',3',4',5',6'-пентагидроксихалкон	<i>Brassica alba (Cruciferae)</i>	[16]
8	2'-гидрокси-2,3,4',6'-тетраметоксихалкон	<i>Caesalpinia pulcherrima L.</i>	[17]
9	4-гидрокси-2',4'-диметоксидигидрохалкон; изоликвиритигенин	<i>Crinum bulbispermum bulbs.</i>	[18]
10	4,4'-бис-а-0-глюкозил-4,2',4'-тригидрокси-6'-метоксихалкон (агликон)	<i>Derodendron phlomidis</i> (<i>Vcrbenaceae</i>)	[19]
11	3'-(3"-метил-3"-гидроксибутил)-2',4,4'-тригидрокси-6'-метоксихалкон; 4'-0-глюкуронил-2,4-дигидрокси-6'-метокси-3'-пренилхалкон; 1-[(2',4'-дигидрокси-3'-изопренил-6'-метокси)-фенил]-[3-(4-гидроксифенил)]-2,3- эпоксипропан-1-он; 4-ацетокси-2',4'-дигидрокси-6'-метокси-3'-пренилхалкон; 1-[(2',4'-дигидрокси-3'-изопренил-6'-метокси)-фенил]-[3-(4-гидроксифенил)]-2,3- эпоксипропан-1-он; 4-ацетокси-2', 4'-дигидрокси-6'-метокси-3'-пренилхалкон	<i>Humulus lupulus L.</i> (<i>Cannabaceae</i>)	[20; 21]
12	4', 6', 4-тригидрокси-5-метоксихалкон; 4', 6'-дигидрокси-4, 5-диметоксихалкон	<i>Iryanthera polyneura</i> (<i>Myristicaceae</i>)	[22]
13	2', 4', 6'-тригидрокси-4-метоксидигидрохалкон; 2'-мегокси-4', 6', 4-тригидрокси-дигидрохалкон; 2', 4-диметокси-4', 6'-дигидрокси-дигидрохалкон; 2'- глюкозид-4',6'-дигидрокси-4-метоксидигидро-халкон; 4', 6', 4-тригидрокси-5-метоксидигидро-халкон; 2', 4, 5- триметокси-4', 6'-дигидрокси-дигидрохалкон;4', 4-диметокси-6'-α-дигидрокси-дигидрохалкон	<i>Iryanthera virola</i> (<i>Myristicaceae</i>)	[22]
14	Ди-2', 4', 6'-тригидрокси-4-метоксидигидрохалкон	<i>Iryanthera sagotiana</i> (<i>Myristicaceae</i>)	[22]
15	2', 4', 6', 4-тетрагидроксихалкон (нарингенин)	<i>Marchantia paleaceae</i>	[10]
16	2', 4', 6'-тригидроксихалкон (пиносембрин); 2', 4', 6', 4-тетрагидроксихалкон (нарингенин)	<i>Medicago sativa L.</i>	[10; 12]
17	4'-геранилокси-4, 2'-дигидроксихалкон	<i>Melletia ferruginea</i> (<i>Fabaceae</i>)	[23]
18	2', 4', 6'-тригидроксихалкон (пиносембрин); 2', 4', 6', 4-тетрагидроксихалкон (нарингенин); хлороген қышқылы (5-О-каффеилкюин қышқылы)	<i>Vitis vinifera (Angiosperm)</i>	[12; 24]

Халкондарды синтездеудің ең маңызды әдісі [39] формил- және ацетилқұрамды қосылыстардың қатысуымен жүретін кротонды конденсация болып табылады. Кляйзен-Шмидт реакциясы бойынша 32 орынбасқан ацетофенон мен 40 ароматты бензальдегидтерден комбинаторлы синтез әдісімен 1280 орынбасқан халкондар алынды.

Осы халкондарды 9 конденсация және циклизация реакцияларында пайдалану 74000 бес- және алтымүшелі циклді қосылыстардың түзілуіне әкелді [40].




$\text{Ar}^1, \text{Ar}^2 = \text{Ph}$, орынбасқан фенилдер, гетероциклдер

Кляйзен-Шмидт реакциясын УК спектроскопияәдісі арқылызерттеу кезінде орынбасқан бензальдегидтердің ацетофенонмен өзара әрекеттесуі екінші ретті жылдамдық тендеуімен сипатталатыны анықталды. Осыған байланысты авторлар [41] реакциялардың екі механизмін ұсынды. Біріншісі – ацетофенонның метилді тобынан протонды негізбен алу (механизм I), екіншісі –альдегидтің карбонилді тобының көміртегіне этилат анионның шабылдауы (механизм II).

Ұсынылған механизмдердің әрбір сатысын термодинамикалық параметрлерді пайдалана отырып талқылау кезінде, авторлар механизм II тиімдірек деген қорытындыға келді [41]:

механизм I




Ar¹, Ar² = Ph, орынбасқан фенилдер, гетероциклдер

Алайда, кейбір жағдайларда, орынбасқан халкондар пайдалану кезінде бұл әдіс шайырлану мен белгіленген өнімнің шығымының төмендеуіне әкелетін жанама тотығу-тотықсыздану процестерімен қатар жүреді.


Әдебиеттерде халкондар синтезінің гомогенді және гетерогенді катализ [42, 43], тәсілдерін пайдаланатын сан алуан әдістемелері, олардың арасында белсендірілген барий гидроксидімен катализі [44], SOCl₂ абсолютті EtOH[45], BF₃-Et₂O [46] SOCl₂ өзара әрекеттесуі кезінде *in situ* түзілген тұз қышқылымен, ультрадыбыстық сәулелену, иондық сұйықтармен қоса [47, 48] KF-Al₂O₃ жағылған калий гидроксидімен катализдері сипатталған. Еріткіштерсіз I₂-Al₂O₃, металл оксидтерін қолдану арқылы микротолқынды сәулеленуді пайдалану жұмыстары белгілі, бұл реакция уақытын 3 сағаттан 80 секундкедейін қысқартуға мүмкіндік берді [49, 50]. Бұл шарттарқаламаған реакция өнімдерінен [51] құтылуға, реакция шығымын арттыруға және уақытын бірнеше минутқа дейін қысқартуға мүмкіндік береді. Кляйзен-Шмидт реакцияларынан басқа әдебиеттерде орынбасқан халкондар синтезінің қатаң емес жағдайларда жоғары шығыммен алуға мүмкіндік беретін альтернативті жолдары сипатталады. Кейбір жағдайларда әдістерқаламаған тотығу-тотықсыздану процестері немесе классикалық Кляйзен-Шмидт реакциясы үшін қол жетімді емес қосылыстардың түзілуін болдырмауға мүмкіндік береді. Алайда, бұл ретте, әдетте қымбат реагенттер, микротолқынды немесе ультрадыбыстық әсер ету мен инертті атмосферапайдалану қажет. Мәселен, халкондар 2 синтезі үшін арилгалогенид және орынбасқан пропаргил спирті арасындағы микротолқынды жағдайда белгіленген өнімдерді жоғары шығыммен аз уақыт арасында алуға мүмкіндік беретін Соногашир үйлестіру реакциясы пайдаланылған [26].

Реакция R₁ароматты ядрода орынбасушы ретінде электроноакцепторлы топ болған жағдайда ғана жүретіні көрсетілген.





[52] көміртектің монооксиді қатысында палладий катализаторын пайдаланып, халкондар 3 түзілуіне әкелетін арилгалогенид және стирол немесе орынбасқан винилдің Хектің үйлестіру-карбонилдеу реакциясы бойынша мәліметтер келтірілген.

Өнім 3 шығымы халконның ароматты сақинасында лиганда мен орынбасарының пайдалануына байланысты 41-90% екені көрсетілген.




Жұмыстыңавторларымен [53] катанемесжағдайдаСузукиреакциясыныңбірнеше нұсқаларын пайдалана отырып, халкондар 4 алынды: біріншісінде – циннамоилхлоридімен фенил борқышқылы, екіншісінде – бензоилхлоридпенфенилвинил борқышқылы пайдаланылады. Екі реакцияда белгілен ген өнім 4 түзілуіне әкелді.



i): $(\text{PPh}_3)_4\text{Pd(0)}, \text{Cs}_2\text{CO}_3, \text{toluol. Yield 40-50\%}$

ii): $(\text{PPh}_3)_4\text{Pd(0)}, \text{Cs}_2\text{CO}_3, \text{toluol. Yield 70-95\%}$

Сондай-ақ, халкондарды Кневенагель конденсациясымен, яғни альдегиднемесе кетонның белсенді метиленді компоненті бар қосылыстармен, мысалы, негіздік катализ жағдайында ацетосірке эфирімен (АСЭ) әрекеттесуі арқылы алуға болады [39]. Бензальдегидтің АСЭ-мен әрекеттесу кезінде реакция халкон 5 түзілуіне әкеледі.




Халкондарды синтездеу әдістерін оңтайландыруға арналған әдебиеттің сан алуандылығына қарамастан, көптеген авторлар тек қана дәстүрлі синтез әдісін - Кляйзен-Шмидтконденсациясын (негіздік жағдайда этанолда 3-48 сағат араластыру) пайдаланады [31, 34-37, 54].


3. Халкондардың реакциялық қабілеттілігі

Халкондар жоғары реакциялық қабілеттілікке ие. Бұл олардың молекуласындағы екі электрофильді орталықтардың – карбонильді топпен онымен қосарланған көміртектің β-атомының болуына байланысты [1]. Халкондар $C=C-C=O$ қосарланған жүйесінде электрондық тығыздықтың делокализациясы нәтижесінде амбидентті электрофилдер секілді әрекет ете алады. Халконның әрекеттесу кезінде нуклеофил немесе карбонильді тобының көміртек атомы (1,2-қосылу), немесе көміртектің β-атомы (1,4-қосылу) шабуыл жасайды, реакция механизмі 1-сызбанұсқада келтірілген. Халкондардың осы екі электрофильді орталықтарының табиғаты әр түрлі, бұл моно-және динуклеофилдермен реакцияларының жоғары региоселективтілігінде байқалады.

1 - сызбанұсқа




Халкондардың пиперазинмен әрекеттесуі әдетте Михаэлдің бис-аза-аддуктарының түзілуіне әкеледі. Әр түрлі жағдайларда жүргізілетін бұл реакциялар әдебиетте көміртек-азот байланысын түзу мысалы ретінде бірнеше рет сипатталған [55-57]. Мәселен, халкондар, сондай-ақ орынбасқан халкондар толуолдағы пиперазинмен Михаэлдің бис-аза-аддуктарын түзе отырып, әрекеттеседі [55]. Дәл осылай қыздырылған калий карбонаты қатысындағы циклогексан-эфир (1:2) қоспасының реакциясы өтеді [56]. Ультрадыбыс сәулеленукезінде халкон судағы пиперазинмен жоғары шығыммен Михаэлдің бис-аза-аддуктарын түзе отырып, әрекеттеседі [57] (2-сызбанұсқа).



$R_1=R=H$; $R_1=H$, $R=3\text{-NO}_2$; $R_1=H$, $R=2\text{-Cl}$; $R_1=4\text{-Cl}$, $R=H$; $R_1=H$, $R=4\text{-Cl}$; $R_1=R=4\text{-Cl}$;
 $R_1=4\text{-Br}$, $R=H$; $R_1=H$, $R=4\text{-Me}$; $R_1=4\text{-Me}$, $R=H$; $R_1=H$, $R=4\text{-OMe}$; $R_1=R=4\text{-Me}$;
 $R_1=4\text{-Me}$, $R=4\text{-OMe}$; $C_6H_5CH_3$.


Халкондардың этилендиаминмен әрекеттесуі Михаэлдің бис-аза-аддукттарын [56] немесе диазепиндердің [58, 59] түзілуіне әкелу мүмкін. Мәселен, полярлығы аз еріткіштерде орынбаспаған халконның этилендиаминмен әрекеттесуі көміртектің β -атомына қосылумен жүреді және Михаэлдің бис-аза-аддукттарының [56] түзілуіне әкеледі (3-сызбанұсқа).

3-сызбанұсқа




Алайда, Михаэлдің бис-аза-аддукттарының түзілуі реакция жүруінің жалғыз жолы болып табылмайды. [58] жұмысында халкон мен этилендиаминнің өзара әрекеттесуінен 59% шығыммен тетрагидродиазепин алынды.

4-сызбанұсқа



Әдебиетте аталған реакция механизмі келтірілмеген, бірақ ол екі сатыда жүретінін болжауға болады – алдымен Михаэлдің аза-аддукты түзіледі, кейін карбонилді топтың көміртек атомына екінші амин тобының шабуылдауы арқылы оның циклденуі жүреді. Халкондардың *p*-фенилендиаминмен әрекеттесуі кейін флавоидтар синтезінде қолданылуы мүмкін Шифф негіздерінің түзілуіне әкеледі. Флавоидтар және олардың туындыларының синтезі олардың жоғары антиоксидантты [60-63], анксиолитикалық [64], ісікке қарсы [65] және қабынуға қарсы [66, 67] белсенділіктердің болуына байланысты айтарлықтай назар аудартады. [68] жұмысында халкониминдердің тотығу циклденуі арқылы иминофлавоидтар синтезі жайында баяндалған. Бұл синтездің сатыларының бірі халкондардың орын басқан анилинмен, атап айтсақ, *p*-фенилендиаминмен әрекеттесуі және жоғары шығыммен сәйкес иминнің түзілуі болып табылады. Сондай-ақ, бактерияға қарсы белсенділікке ие Шифф негіздері [69] жұмысында халкондардың *p*-фенилендиаминмен сулы-спиртті негіздерде әрекеттесу реакциясынан алынды (6-сызбанұсқа).



$R_1=2\text{-OH}, 5\text{-Br}, R=4\text{-OMe}$.

$R_1=R=H, R_1=H, R=4\text{-OMe}; R_1=2\text{-OH}, R=4\text{-NMe}_2; R_1=H, R=4\text{-NMe}_2; R_1=2\text{-OH}, 5\text{-Cl}, R=4\text{-OMe};$


$R_1=2\text{-OH}, 5\text{-Cl}, R=H; R_1=2\text{-OH}, 5\text{-Cl}, R=4\text{-NMe}_2; R_1=2\text{-OH}, 5\text{-Me}, R=4\text{-NMe}_2$.

α, β -қанықпаған карбонилді қосылыстар әр түрлі орынбасушылары бар үш-, төрт, бес-, алты-, жеті мүшелі карбо- және гетероциклдерді түзудегі синтетиктің кез келген фантазиясын

қанағаттандыратын мүмкіндігі кең екені белгілі [1]. Сондықтан халкондар комбинаторлық химияда негізгі интермедиаттар ретінде ерекше белгілі [70]. Халкондарда екі электрофилді орталықтардың болуы динуклеофилдермен әрекеттесуі кезінде гетероциклдердің, олардың ішінде аннелирленген гетероциклдердің түзілуіне әкеледі [1].

Халкондар қатыса алатын көптеген реакциялар арасынан әр түрлі карбо- және гетероциклді қосылыстардың, оның ішінде биологиялық белсенділіктің кең спектріне ие орынбасқан циклогексанон мен пиримидиннің түзілуіне әкелетін динуклеофилді реагенттермен әрекеттесуі ерекше қызығушылық тудырады.

α,β -қанықпаған карбонилді қосылыстардың (альдегид, кетон (халкон), қышқыл, эфирлер) нуклеофилдермен әрекеттесуі жаңа С-С немесе С-N байланыстың түзілуіне әкеледі. Жаңа байланыс донор мен акцептордың екінші немесе төртінші көміртек атомы арасында түзіледі. Реакцияның бірінші типіретінде карбонилді топ бойынша қарапайым қосылуы, ал екінші жағдайда нуклеофилдің қосылуын қарастырады, электронды жұпдонордың көміртегінен акцептордың оттегіне орын ауыстырады.



Аталған процестің бағытын анықтайтын факторлар – бұл қышқылдар мен негіздердің қаттылығы мен жұмсақтылығы түсініктерімен тығыз байланысты зарядтардың өзара әрекеттесуі және орбиталды сәйкестігі. Қатты қышқылдың қатты негізбен әрекеттесуі зарядтардың әрекеттесуімен анықталады, ал жұмсақ қышқылдың жұмсақ негізбен әрекеттесуі орбиталды бақылауда жүреді [71]. 1,2- және 1,4-қосылу реакцияларында карбаниондардың салыстырмалы реакциялық қабілеттілігі молекулалық орбиталдардың ұйытқу теориясы бойынша қарастырылған. Бұл теория бойынша фрагменттің электронды құрылысын ескере отырып, максималды оң эффективті заряд – карбонилді көміртекте, максималды ТБМО локализациясы – β -көміртек атомында екені көрсетілген. Карбонилді топ бойынша қосылу – зарядты, ал 1,4-қосылу орбиталды бақылауда жүреді. Бірдей шарттарда карбонилді топ бойынша нуклеофилдің қосылу процесіне нуклеофилді орталықтағы заряд локализациясы, ЖБМО энергиясының төмендеуі қолайлы әсер етеді. Керісінше, зарядтың делокализация дәрежесінің өсуі, нуклеофилдің ЖБМО деңгейінің жоғарлауы орбиталды-бақыланатын 1,4-қосылу жүруіне жағдай жасайды.

Реакцияның екі бағыты арасындағы баланс шарттары әр түрлі әсерлерге (еріткіш, катализатор, температура) сезімталдылығы сонша, процестердің бірін доминантты ету үшін салыстырмалы кішігірім өзгерістердің өзі жеткілікті

Сондықтан берілген реакцияның артылықшылығы да, кемшілігі де нуклеофилді орталықтардың әр түрлі реакциялық қабілеттілігі болып табылады, себебі шарттарға реакция өнімдерінің құрылысы ғана емес, сонымен қатар олардың шығымы мен тазалығы тәуелді болады. Соңғы жылдары синтетиктердің назары реакция шартына байланысты әр түрлі өнімдерді алудың тәсілдерінің дамуына бағытталған. Бұндай процестерді «ауыстырылатын селективтілігі бар реакциялар» деп атайды. Олар соңғы уақытта, әсіресе биологиялық белсенді қосылыстар синтезі үшін кең қолданыс тапты. «Ауыстыру» әдістеріне жоғары айтылғандардан басқа (еріткіш, катализатор, температура) микротолқынды немесе ультрадыбыс әсерлері жатады [72, 73].

4. Халкондар туындыларының биологиялық белсенділігі

Халконды фрагменті бар қосылыстар әр түрлі биологиялық белсенділікке ие. Мысалы, олар әр түрлі ісіктерге айтарлықтай белсендік көрсетеді және хемопротекторлы қасиеттерге ие. Бұны олардың антиоксидантты белсенділігімен байланыстыруға болады [74-77].

Халкондардың басқа маңызды қасиеттері бактериялардың өсуін ингибирлеу қабілеті [78], зен ауруына қарсы және вирусқа қарсы белсенділік көрсетуі [79] болып табылады. Сонымен қатар, олар капиллярларды қатайту қабілетіне ие және қабынуға қарсы заттар ретінде қолданылуы мүмкін [80]. Аталған белсенділік түрлерінен басқа безгекке қарсы [81-85], қатерлі ісікке қарсы [86-88], ларвицидты [89], иммунотүрлендіруші [90], антигипергликемиялық, туберкулезге қарсы [91], антипротозойлы және антимицотикалық белсендіктер [92], сонымен қатар олардың бактерияға қарсы [93, 94] және зен ауруына қарсы [95, 96] заттар ретінде қолданылуы мүмкіндігі анықталды.

Ферменттерге, әсіресе сүтқоректілердің альфа-амилазасы [97], циклооксигеназа (ЦОГ) [98], моноаминоксидаза (МАО) [99], лейкотриен В [100], тирозиназа [101], редуктаза альдозасына [102] және т.б. ингибирлеу әсері көрсетілген. Халкондарға тән жоғары биологиялық белсенділік бұл қосылыстардың әр түрлі биологиялық нысаналармен әрекеттесуі бойынша зерттеулердің дамуына әсер етті. Халкондардың өсімдіктер құрамындағы функциясы жайында көптеген тәжірибелік мәліметтер бар, олар халкондар өсімдік ағзасында белсенді физиологиялық рөл атқаратынын тұжырымдауға мүмкіндік береді. Олар салыстырмалы оңай тотығады немесе тотықсызданады және олардың тотығу-тотықсыздану потенциалы зат алмасуда қатысатынын көрсетеді. Кейбір халкон құрылыстық қосылыстар қорғаныштық функциясын [95], тынысалу катализаторлары функцияларын атқарады және өсімдік жасушаларының тынысалу кезіндегі тотығу-тотықсыздану процестеріне қатысады.

Электрондонорлы орынбасушылары, мысалы метокси-, гидроксид- топтары, бар қосылыстар, ең жоғары микробқа қарсы белсендік көрсетеді [103]. Құрамында бір-екі хлор немесе фтор атомы бар халкондар зен ауруына және микробқа қарсы жоғары белсенділік көрсетеді. Құрамында оксатиолон [104] фрагменті бар халкондар арасында адамның қатерлі ісік жасушаларына, сонымен қатар *Micrococcus luteus*, *Staphylococcus aureus*, *Micobacterium tuberculosis* HRv қатысты цитоуыттылық көрсететін қосылыстар табылды.

Сондай-ақ, халкондардың қызығушылық тудыратын қасиеттеріне қатерлі ісік жасушалар апоптозасының иницирлеуі [105], олардың митохондриялы тынысалуын ауырлатуы жатады. Мақала авторлары [106] А және В сақиналарында гидроксил топтары аз халкондар құрамында гидроксил топтары көп халкондармен салыстырғанда едәуір тиімді екені көрсетілген. Осындай белсенділік айырмашылығын фенолды ОН-топтарының қышқылдылығымен түсіндіруге болады. Халкондар цитоуыттылық белсенділігін көрсететін кеңінен белгілі механизмдердің бірі халкондардың митоз фазасында әрекеттесуі болып табылады. Nam N.H. авторлар ұжымымен [106] 2',5'-дигидрокси халконның туындыларының белсенділігін зерттеді, халкондардың көпшілігі қатерлі ісік жасушаларының әр түрлі қатарларына қарсы цитоуыттылық белсенділік көрсететінін анықтады.

Халкондардың дигидроксотуындылары қосылыстың құрылысына байланысты антиоксидантты белсенділік көрсетеді [107]. Халкондардың антиоксидантты белсенділік механизмі [108] жұмысында сипатталған. Халкон молекуласының радикалмен әрекеттесуі кезінде феноксидті радикал түзіледі, сонымен қатар бензол сақинасының *орто*- және *пара*- дигидроксиленген жүйелері делокализацияланған электрондары бар жүйелер болып табылады, сондықтан олардан түзілетін феноксидті радикалдар тұрақты семихинонды радикалдарға оңай ауысады, кейін олар хинондарға айналады. Бензол сақинасының *мета*-дигидроксиленген жүйесі электрондардың делокализациясы үшін тиімділігі төменірек, сондықтан феноксидты радикалдар кейінгі айналуларға ұшырай алмайды.

Орто-(яғни 2',3'- мен 3',4'-) және *пара*-(яғни 2',5'-) орынбасушылары бар халкондар өте жоғары антиоксидантты белсенділік (50 μ M концентрациясындағы бақылаумен салыстырғанда 80–90 %), аскорбин қышқылы мен α -токоферолдың белсенділігімен шамалас, көрсететіні анықталды. Екінші жағынан, *мета*-(яғни 2',4'-пен 3',5'-) орынбасушылары бар халкондар (бақылаумен салыстырғанда 25 %) 200 μ M концентрацияда ($IC_{50} > 200 \mu$ M) белсенділіктің едәуір кенет төмендеуін көрсетеді. Бұл мәліметтер В ядросында екі гидроксил топтарының орналасуы маңызды

антирадикалды белсенділігінің құрылыстық факторы болып табылатынын, *орто*-орынбасқанмен салыстырғанда *пара*-орынбасқан қосылыстар жоғары белсенділікке ие екенін көрсетеді. А сақинасында орынбасушылардың *пара*-жағдайына ауысуы антирадикалды белсенділікке қатты әсер етпейді. Бұл бензолсақинасының *пара*-орынбасушыдың электрондық эффектілері антирадикалды белсенділікке әсер етпейтінін көрсетеді.

Кейбір гидроксикалкондардың потенциалды антиоксидантты белсенділігі 1,1-дифенил-2-пикрилгидразил және босгидроксил радикалдарын [108] ингибирлеу қабілеттілігі арқылы бағаланды. Нарингенин мен флоретин үшін (MCF-7) сүт бездерінің қатерлі ісік жасушалар қатарына қатысты антипролиферативті белсенділік анықталмады. Алайда басқа халкондар (2'-гидроксикалконды қоса қарастырғанда) жоғары концентрацияларда (10,50 μM) антипролиферативті белсенділік көрсетті, ал төмен концентрацияларда (0,01–1 μM) жасушалық өсуді үдетті.

Халкондардың қабынуға қарсы белсенділік көрсетуіне α,β -қанықпаған карбонилді функционалдық тобы жауапты. H.L. Yadav ұжымымен [109] халкондардың бес туындысынан тұратын серияны синтездеді де, артқы аяқтың каррагенинді ісінуі болған егеуқұйрықтарға қабынуға қарсы белсенділігін зерттеді. 25 мг/кг дозасында пероралды енгізілген халкондар туындылары ісірудің өршуін едәуір тежеді. Сонымен қатар халкондардың қабынуға қарсы белсенділігін зерттеудің нәтижелері [50] мақаласында келтірілген. Белсендірілген макрофагтар қабынуға қарсы түрлерінде және әр түрлі медиаторларды, соның ішінде лейкоциттер миграциясы мен ісірудің түзілуін, сонымен қатар лейкоциттер активтілігі мен цитокин түзілуін жеңілдететін потенциалды тамыр кеңейтетін агент болып табылатын азот оксидін (NO), босатып алудан егізгі рөл атқарады. В-сақинаның электрондық тығыздығын артыратын орынбасушылары, мысалы MeO-, BuO-, Me N-топтары бар халкондар NO түзілу процесін ингибирлеуде айтарлықтай белсендік көрсетпейді [110].

S.J. Won ұжымымен [111] 2',4-дигидроксикалкон, 2'-гидрокси-2-тиенилхалкон, 2'-гидрокси-3-тиенилхалкон және 2',5'-дигидрокси-индол-3-ил-халкон потенциалды қабынуға қарсы агенттер болып табылатынын көрсетті.

[112] жұмысында халкондардың гипергликемиялық белсенділігі зерттелді. Инсулин тәуелді емес диабет (II типті диабет) инсулин-тұрақтылық, гипергликемия және гиперинсулинемиямен сипатталатын созылмалы метаболитикалық ауру болып табылады. *Broussonetia papyrifera*-дан протеинтирозин фосфатаза (PTP1B) және альдозаның редуктаза ферменттерін селективті ингибирлейтін орынбасқан халкондар алынды. Олардың антиоксидантты қасиеттері гипергликемиялық агенттер ретінде қарастыруға мүмкіндік береді, себебі диабеттерде тотығу стресс маңызды рөл атқарады. 3,4-Диметокси туындылар едәуір жоғары антигипергликемиялық эффект, ал монометокси туындылар төмен белсенділік көрсетеді.

Хлорқұрамды халкондар едәуір жоғары антиплазмодиалды белсенділік, триазолды, пирролды және бензотриазолды сақиналары бар халкондар – антипаразиттік белсенділік көрсетеді. Морфолинді сақинасы бар халкондардың хлортуындылары ең төмен белсенділікке ие екені анықталды. Құрамында триазолды сақина мен хлор бар қосылыстар ең жоғары антиплазмодиалды белсенділікке ие, бұл пішіні бойынша үлкен емес құрамында бір немесе бірнеше азот атомы бар липофилді топтар безгекке қарсы белсенділікті *in vitro* артыратынын растайды.

Орынбасқан халкондардың [(4-Cl, 4-MeO, 3,4,5-(MeO)₃] антиплазмодиалды белсенділікті *in vitro* зерттеуі пішіні бойынша ацетофенон фрагментінде азот атомы немесе амин бар үлкен емес және орташа липофилді топтар потенциалды безгекке қарсы агенттер болып табылатынын көрсетті. Осындай қосылыстар энзима цистеинпротеазаның белсенді орталығында болатын гистидин қалдығымен сутек байланысы есесінен қосымша байланысуын қамтамасыз етуі мүмкін.

Гидрофилді сипаттағы халкондарға, яғни халкондардың OH-туындыларына, А ядросында нафталин және пиридин фрагменті бар халкондар үшін антилейшманиалды белсенділік [113,114] тән. Халкондар қатарының тиразиназаны меланин түзілу реакциясына қатысты ингибирлеу белсенділігі және антиоксидантты мүмкіндігі зерттелді [115]. А және В ароматты ядроларында OH-топтарының орналасуы маңызды болып табылады, себебі А сақинасы бойынша гидроксилдеумен салыстырғанда В сақинасы бойынша гидроксилдеу тиразиназаны едәуір жоғары ингибирлеу қабілеттілікке әкеледі.

5. Қорытынды

Табиғи халкондардың кең спектрлі биологиялық әсері бар бағалы фармакологиялық қасиеттері осы класстың биологиялық белсенділігін арттыру міндеттерін шешуге арналған жаңа тәсілдерді жетілдіруін болжауға жағдай туғызады және мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Халкондар молекулаларының құрылысын өзгерту арқылы олардың биологиялық сынақтарда белсенділік абсолюттік көрсеткіштерін арттыруға болады.

Халкондара, β -қанықпаған кетондар ретінде, қосылыстардың басқа класстарының қолжетімділігі төмен туындыларды алу үшін бастапқы заттар ретінде қызығушылық тудырады, бұл екі электрофильді орталықтардың - карбонильді тобының көміртегі атомы мен көміртектің β -атомының болуына байланысты.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Десенко, С.М. Азагетероциклы на основе ароматических непредельных кетонов / С.М. Десенко, В.Д. Орлов. - Харьков: Фолио, 1998. - 148 с.
- [2] Sahu, N.K., Balbhadra S.S., Choudhary J., Kohli D.V. Exploring pharmacological significance of chalcone scaffold: a review. // *Curr.Med.Chem.* – 2012. – V.19. – P. 209–225.
- [3] Аверьянова Е. В., Школьников М. Н., Егорова Е. Ю. Физиологически активные вещества растительного сырья: учебное пособие. Бийск: Алт. гос. техн. ун-т, 2010. - 80 с.
- [4] Бондакова М.В. Разработка рецептуры и технологии производства косметических изделий с использованием экстракта винограда: дисс. ... к.т.н. - М., 2014. - 115 с
- [5] Шеффер-Корбило Л., Шевчик Г., Дю-Тюмм Л. Изменение цвета содержащих халкон препаративных форм по уходу за ротовой полостью. Патент РФ 2524631. Заявка: 06.01.2011. Опубликовано: 27.07.2014. Бюллетень № 21.
- [6] Kishore P. H., Reddy M. B., Gunasekar M., Caux C., Bodo B. Flavonoids from *An-drographis lineata* // *Phytochemistry*. - No. 63. - P. 457-461.
- [7] Logendra S., Ribnicky D. M., Yang H., Poulev A., Ma J., Kennelly E. J., Raskin I. Bioassay-guided Isolation of Aldose Reductase Inhibitors from *Artemisia dracuncululus* // *Phytochemistry*. - 2006. - No. 67. - P. 1539-1546.
- [8] Jayasinghe L., Balasooriya B. A. I. S., Padmini W. C., Hara N., Fujimoto Y. Geranyl Chalcone Derivatives with Antifungal and Radical Scavenging Properties from the Leaves of *Artocarpus nobilis* // *Phytochemistry*. - 2004. - No. 65. - P. 1287-1290.
- [9] Jayasinghe L., Rupasinghe G., Hara N., Fujimoto Y. Geranylated Phenolic Constituents from the Fruits of *Artocarpus nobilis* // *Phytochemistry*. - 2006. - No. 67. - P. 1353-1358.
- [10] Jiang C., Schommer C. K., Kim S. Y., Suh D.-Y. Cloning and Characterization of Chalcone Synthase from the Moss, *Physcomitrella patens* // *Phytochemistry*. - 2006. - No. 67. - P. 2531-2540.
- [11] Meazza G., Scheffler B. E., Tellez M. R., Rimando A. M., Romagni J. G., Duke S. O., Nanayakkara D., Khan I. A., Abourashed E. A., Dayan F. E. The Inhibitory Activity of Natural Products on Plant P-hydroxyphenylpyruvate Dioxygenase // *Phytochemistry*. - 2002. - No. 59. - P. 281-288.
- [12] Samappito S., Page J. E., Schmidt J., De-Eknamkul W., Kutchan T. M. Aromatic and Pyrone Polyketides Synthesized by a Stilbene Synthase from *Rheum tataricum* // *Phytochemistry*. - 2003. - No. 62. - P. 313-323.
- [13] Willits M G., Giovanni M., Prata R. T. N., Kramer C. M., De Luca V., Steffens J. C., Graser G. Bio-fermentation of Modified Flavonoids: an Example of in vivo Diversification of Secondary Metabolites // *Phytochemistry*. - 2004. - No. 65. - P. 31-41.
- [14] Iwashina T., Kitajima J. Chalcone and Flavonol Glycosides from *Asarum canadense* (Aristolochiaceae) // *Phytochemistry*. - 2000. - No. 55. - P. 971-974.
- [15] Tuchinda P., Reutrakul V., Claeson P., Pongprayoon U., Sematong T., Santisuk T., Taylor W. C. Anti-inflammatory Cyclohexenyl Chalcone Derivatives in *Boesenbergia pandurata* // *Phytochemistry*. - 2002. - No. 59. - P. 169-173.
- [16] Ponce M. A., Scervino J. M., Balsells R. E., Ocampo J. A., Godeas A. M. Flavonoids from Shoots and Roots of *Trifolium repens* (White Clover) Grown in Presence or Absence of the Arbuscular Mycorrhizal Fungus *Glomus intraradices* // *Phytochemistry*. - 2004. - No. 65. - P. 1925-1930.
- [17] Srinivas K V. N. S., Koteswara Rao Y., Mahender I, Das B., Rama Krishna K V. S., Hara Kishore K., Murty U. S. N. Flavonoids from *Caesalpinia pulcherrima* // *Phytochemistry*. - 2003. - No. 63. - P. 789-793.
- [18] Ramadan M. A., Kamel M. S., Ohtani K., Kasai R., Yamasaki K. Minor Phenolics from *Crinum bulbispermum* Bulbs // *Phytochemistry*. - 2000. - No. 54. - P. 891-896.
- [19] Реферативный журнал химии. - 2000. - № 2. - С. 208.
- [20] Nookandeh A., Frank N., Steiner F., Ellinger R., Schneider B., Gerhauser C., Becker H. Xanthohumol Metabolites in Faeces of Rats // *Phytochemistry*. - 2004. - No. 65. - P. 561-570.
- [21] Stevens J. F., Page J. E. Xanthohumol and Related Prenylflavonoids from Hops and Beer: to Your Good Health // *Phytochemistry*. - 2004. - No. 65. - P. 1317-1330.
- [22] Martinez Valderrama J. C. Distribution of Flavonoids in the Myristicaceae // *Phytochemistry*. - 2000. - No. 55. - P. 505-511.
- [23] Abe I, Watanabe T., Noguchi H. Enzymatic Formation of Long-Chain Polyketide Prones by Plant Type III Polyketide Synthases // *Phytochemistry*. - 2004. - No. 65. - P. 2447-2453.

